

## Атырау облысының аумағында үй жануарларын ұстau және серуендету қағидаларын бекіту туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 19 тамыздағы № 178-VII шешімі

"Жануарларға жауапкершілік пен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8 – бабының 1) тармақшасына сәйкес, Атырау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Атырау облысының аумағында үй жануарларын ұстau және серуендету қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 2-тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Мәслихат хатшысының  
міндеттін атқарушысы

К. Қоныс

Атырау облыстық  
мәслихатының 2022 жылғы 19  
тамыздағы № 178-VII шешіміне  
қосымша

## Атырау облысының аумағында үй жануарларын ұстau және серуендету қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Атырау облысының аумағында үй жануарларын ұстau және серуендету қағидалары (бұданәрі – Қағидалар) "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 9 – бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және "Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 168 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 мамырда № 28138 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің тәртібін белгілейді.

2. Қағидалarda мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:
- 1) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;
  - 2) жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;

3) иттерге арналған үйрету алаңы – иттерді үйрету үшін арнайы бөлінген, жаттығуға арналған арнаулы құралдармен жабдықталған қоршалған аумақ;

4) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;

5) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері;

6) үй жануарларының (иттердің) еркін жүруі – жануардың тұмылдырықсыз және қарғыбаусыз ұстау иесінің қатысуымен үй-жайынан немесе аумағынан тыс жерде арнайы бөлінген аумақтарда, иттерді серуендетуге арналған аландада немесе жануардың табиғи дene және физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйрету алаңында болуы;

7) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстау орнынан тыс жерде жануар иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;

8) ұстау орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыштар, құрылышжайлар, үй-жайлар немесе жер учаскелері.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **2-тарау. Үй жануарларын ұстау тәртіби**

3. Үй жануарларын ұстау жөніндегі талаптарға мыналар жатады:

1) үй жануарларын күтіп-бағу жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады;

2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Үй жануарының иесі және жауапты адамы, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Үй жануарларын төмендегідей орындарда ұстауға рұқсат етілмейді:

1) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстау орындарында;

2) ортақ пайдаланылатын орындарда (баспалдақ алаңдары, жер төлелер, шатырлар, шектес балкондар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқы үй – жайлар);

3) үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);

4) асүйлер мен жатақхана дәліздерінде.

6. Үй жануарларының иесі және жауапты адам тұрғын және тұрғын емес үй – жайлардың, оның ішінде кондоминиум объектілерінің, қоғамдық орындардың үй жануарларымен ластануына, қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.

7. Бірнеше отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобиЛЬДІ) тұрғын үй) үй жануарларын ұстау медициналық қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, барлық тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

8. Бау – бақша, саяжай кооперативтерінің, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстауға жол беріледі.

8-1. Үй жануарларының иесі немесе жауапты адамы осы аумакқа кіреберісте жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарының бар екендігі туралы ескерту жазбаны жүзеге асырады.

**Ескерту. Қағида 8-1 тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Қонақүге әкімшілікпен келісім бойынша иесіне итпен немесе мысықпен қоныстануға рұқсат етіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

10. Үй жануарларын қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Қарау мүмкін болмаған жағдайда үй жануарының иесі немесе жауапты тұлға:

1) жануарды үй жануарларына арналған панажайға уақытша күтіп – бағуға орналастырады;

2) үшінші адамдарға уақытша күтіп – бағуға береді;

3) зоологиялық жатын жайға орналастырады.

11. Үй жануарын одан әрі ұстау мүмкін болмаған жағдайда жануар иесі және жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыруға шаралар қабылдайды.

11-1. Жануардан бас тарту оған басқа адам меншік құқығын иленгенге дейін иесінің үй жануарына қатысты міндеттерін тоқтатуға әкеп соқпайды.

**Ескерту. Қағида 11-1 тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Иттерді өздігінен серуендеуін және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит байлануы немесе үйшікте болады.

### **3-тарау. Үйжануарларын серуендету тәртібі**

13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануарларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.

14. Үй жануарларының иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстың жергілікті өкілді органды белгілеген тәртіппен үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.

15. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға меншік құқығымен немесе өзге де занды негізде тиесілі қоршалған аумақта болатын жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және 1,5 (бір жарым) метрден асатын қарғыбаусыз серуендетуге рұқсат етілмейді.

Үй жануарларын серуендету кезінде иелері мен жауапты адамдар мынадай талаптарды сақтайды (ерекше жауапкершілікті талап ететін үй жануарларын қоспағанда):

- 1) ит қоғамдық орындарда 2 (екі) метрден аспайтын қарғыбауда болуы керек;
- 2) тұмылдырық итке оны тасымалдау кезінде, адамдар көп жиналатын жерде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, үйымдар, мекемелер белгілеген орындарда кигізіледі;
- 3) кез келген тұқымды мысықтар мен олардың mestizосы әбзел мен қарғыбаумен жүреді;
- 4) магистральдар маңындағы көшелер арқылы өту кезінде жол-көлік оқиғаларын және жолдың жүріс бөлігінде оның өлуін болдырмау үшін үй жануарлары 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауға алынады;
- 5) иесі итті иесінің осы ғимараттың ішінде болған уақытына ғимараттың жанында ерікті түрде шешілуін болдырмайтын байламда және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбаумен тұмылдырықта қалдыра алады;
- 6) иттерді серуендетуге тыйым салынған жерлерде ит иесі немесе жауапты адам айналасындағыларға қауіп төндірмей, тұмылдырықпен және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауда итпен аумақты кесіп өтуіне болады;

7) иттерді еркін серуendetуге арнайы бөлінген аумақтарда, аландада иттерді еркін серуendetуге жол беріледі.

Иттерді серуendetуге тыйым салынатын орындар тиісті белгімен белгіленуге тиіс.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. Иттермен қорғалатын бекітілген аумақтары бар иелер иттерді өздерінің базаларында, қоймаларында, өндірістік үй – жайларында тек тұнгі уақытта және қоршалған аумақта еркін серуendetеді. Күндізгі уақытта иттер байлауда немесе үйшікте болады.

17. Елді мекен аумағында мыналарға:

1) иттердің еркін жүруі;

2) өздерінің мінез-құлқын ұстауға қауқарсыз, оның ішінде алкагольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас күйдегі адамдарға үй жануарларын серуendetуге және олармен қоғамдық орындарда және көлікте бірге болуға;

3) әкімшілікпен келісім бойынша спорттық және өзге де іс-шаралар ұйымдарын қоспағанда мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорт және медициналық, емдеу ұйымдарының, мәдениет ұйымдарының, балалар және спорттық ойын аландарының аумақтарында және серуендеуге арналмаған тыйым салу белгілері үйшікте болады;

4) адамдарға шомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, фонтандар мен су қабылдағыштарда үй жануарларын шомылдыруға және жуындыруға рұқсат етілмейді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17-1. Коммерциялық, коммерциялық емес, діни ұйымдардың, балалар, медициналық немесе білім беру ұйымдарының аумағында үй жануарларының болуын және оларды күтіп-ұстауды осы ұйымдар мен мекемелердің меншік иесі (әкімшілік) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.

**Ескерту. Қағида 17-1 тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 31.05.2024 № 92-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

18. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында үй жануарларын серуendetуге не өзге мақсатта жануарлармен жүргуге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай – ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуendetуге арналған орындарды облыстың жергілікті атқарушы органдары жабдықтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК